

Ш.МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНА – 15 ЖЫЛ

Осыдан 15 жыл бұрын Тараз инновациялық-гуманитарлық институты атымен ашылып, бүгінде Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты – өңіріміздегі кәсіби маман дайындайтын бірден-бір оқу орны. Заман талабынан шыға білетін және жоғары сұранысқа ие мамандар даярлау мәселесі қашанда өзекті екені белгілі. Бірегей білім ордасының ұжымы осы жауапкершілік үдесінен шығу жолында, бәсекелестікке төтеп бере алатындай мықты маман даярлау мақсатында жұмыс істеуде.

Беделі биік білім ордасы



Гүлжан РАХМАН

Шерағаң салған жолменен

Өткен жылы елімізде Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдық дүбірлі мерейтойы өтті. Институттың бас ғимаратының алдына Шерхан Мұртаза ескерткіші қойылды. Бұл мәртебенің өзі оқу орнының қабырғасында жүрген барлық ұстаздар мен студенттердің қуанышын еселеді.

Институтта «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы 2009 жылдан бері жұмыс істейді. «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы бола алмайды» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңеспейді. Осы тұрғыдан алғанда, Шерхан Мұртазаның саналы ғұмырын қазақ әдебиеті мен руханиятының дамуына арнап, оған өлшеусіз үлес қоса білген дара дарын, біртуар тұлға болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Шынайы шығармашылықта ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған қабырғалы қаламгердің көркем шығармалары көптеген оқырмандардың жүрек төрінен орын алды.

«Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы жаңадан жасақталып, «Студенттер үйінің» алдындағы «Шерхан аллеясы» демалыс скверіне айналды. Сондай-ақ былтыр Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойы аясында республикалық «Шерхантану: қазіргі қазақ әдебиеті мен баспасөзінің даму үрдісі» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылып, жазушының 5 томдық шығармалар жинағы қайтадан шығарылды. «Бір кем дүние» кітабы өңделіп жұртшылыққа қайта таратылды. Фибратқа толы ғұмырында, халқына қара нардай қызмет қылған қайсар қаламгер қазақ руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосып, әдебиеттің «Тау тұлғасы» атанғаны белгілі. Ұлттың рухымен біте қайнасып, болмысымен бір болып кеткен «қазақтың Шерағасы» оқу орнының атын одан сайын аспандатып, мәртебесін асырарына сенімдіміз.

Ғылым мен білім үндестігі

Білім мен ғылым – өркениетке бастар алғышарт. Төзімділік пен бағылдылықты қажет етті, ғылымға көңіл бөлу тәуелсіз елімізде мемлекеттік деңгейге көтерілген басты әрі негізгі мәселе. Еліміз бойынша ғылыммен айналысуға жан-жақты алғышарт жасалған. Қазірде елімізде интеллектуалдық дүмпу қажет екендігін өмірдің өзі алға тартып отыр. Өйткені ғылымды өндіріспен байланысты қарастыру мүмкін емес. Аймақта білім мен ғылымның бірден-бір алып ордасы болып саналатын жоғары оқу орнының ұйымшыл ұжымы еліміздің ғылыми жетістіктерін лайықты деңгейде жұртшылыққа кеңінен тарату, ғылым және білім саласында өндірістік-шаруашылық қызмет көрсетуді абыроймен атқаруда.

Жылдар хроникасы

- 2008 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының мұрагері құқығында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өтіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 1 шілдедегі №804 бұйрығы негізінде университет қызметін бастады.
- 2009 жылы 27 бакалавр және 10 магистратура мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензия алды. Университеттің 2011-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы әзірленді. Университет жанынан «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.
- 2010 жылы университет жоғары кәсіби жетістіктері үшін INSAM Institute Foundation (Женева) бойынша «Еуропалық гранттар» номинациясында үздік болды.
- 2011 жылы университет ISO 9001-2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.
- 2012 жылы жаңа әкімшілік оқу ғимараты қолданысқа берілді.
- 2014 жылы университет базасында Агробиологиялық ғылыми-зерттеу институты құрылды.
- 2015 жылы 4 қабатты заманауи оқу ғимараты қолданысқа берілді.
- 2016 жылы университет базасында корей және қытай тілі орталықтары ашылды.
- 2017 жылы заманауи спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.
- 2018 жылы университеттің «Жаратылыстану» факультетіне оқу-лабораториялық ғимараты пайдалануға берілді.
- 2020 жылы 500 орындық Студенттер үйі қолданысқа берілді. «Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы», «Электронды ату тирі» және виртуалдық оқу лабораториялары ашылды.
- 2021 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті өз қызметін білім беру саласындағы заманауи талаптарға сәйкес жаңа мәртебеде жалғастырып, Халықаралық Тараз инновациялық институты ретінде қайта тіркелді.
- 2022 жылы «Биология», «Агрономия-экология», «Агрономия», «Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламалары студенттерінің тәжірибе жинақтау үшін өсімдіктердің 400-ге жуық түрлері өсірілетін «Қысқы бақ» кешені қолданысқа берілді.

Оқу орнының осы жылғы үлкен жетістіктерінің бірі ретінде Азия университеті ассоциациясына енуін атап көрсетуге болады. Сонымен қатар білім ордасының Халықаралық университеттер ассоциациясы және Еуропалық университет ассоциациясына мүшелікке ену жоспарында бар. Бүгінгі таңда 30-дан астам стартап жобаларға, монографияға, оқу құралына авторлық қуәлік алынған. Оқу орнының профессор-оқытушы ғалымдары индексі жоғары Scopus журналына мақалаларын жариялап, бес стартап жобаға патент алған.

Екі жыл бұрын «Аквакультура және су биоресурстары» зертханасы ашылып, балық шаруашылығына



қатысты барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе бастаған. Араға жыл салып, зерттеу саласының ауқымының артуы мен көрсетілетін қызметтердің кеңеюіне байланысты бытыр бұл зертхана арнайы орталыққа айналған. Енді бұл орталық еліміздегі балық шаруашылығының дамуына үлес қосып, жас мамандарды даярлап, облысымыздың балық шаруашылығын әлемдік деңгейге көтеру мақсатында ерекше жұмыс жоспарын құрып отыр. Бүгінде орталықта «Қоршаған ортаның экологиялық-аналитикалық зертханасы», «Су биоресурстар зертханасы» және «Тірі азықтарды өсіріп көбейту» цехы жұмыс істеп тұр.

Жарқын болашақ кепілі

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі сапалы білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Еліміздің білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күннің талабы. Ұстаздар мен студенттердің біліктілігін көтеру жұмыстарын жандандыру және білім сапасын жақсарту жолдары бірізділікпен жүйелі жолға қойылып келеді. Бір сөзбен айтқанда, ел болашағының бүгінгіден де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланысты екені айқын көрінуде.



мүмкіндік береді. IT Академия бүгінгі күні облыстың IT білім беру саласында көшбасшыға айналуда.

Жаңа жайлы жатақхана

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында «Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болу шарт» деген болатын. Осыған сәйкес студент жастарды жатақханамен қамтамасыз ету мақсатында 500 орындық студенттер үйі қолданысқа берілді. Танымдық, мәдени және әлеуметтену орталығы болып табылатын заманауи үлгідегі кешен студенттердің барлық қажеттіліктерін бір орталықтан алуына толық мүмкіндік жасайды. Студенттер үшін түрлі нысандардың қызметі жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Институтта студенттерге қолайлы жағдай жасау және эстетикалық сұлулық сыйлау, адамдардың өмір сапасын жақсартып, білім беру жүйесін жаңа белеске көтеру мақсатында «Қысқы бақ» кешені салынған. Онда жер шарының түкпір-түкпірінде кездесетін тропикалық та, шөлейтті аймақтарда да өсетін өсімдіктердің 400-ден астам түрі бар. ХТИИ жанынан ашылған бақта студенттер мен келуші қонақтар үшін қолайлы микроклимат жасалған.

Облысымызда алғаш болып институт базасында «Жағажай волейболына» арнап арнайы алаң салынған. Қазіргі таңда студенттердің ойынға деген қызығушылығы күн санап артып келеді. «ХТИИ жағажай волейболы» құрамасы талай турнирлердің, жазғы универсиада ойындарының жеңімпазы екенін ескерсек, салынған нысан алдағы жарыстарға дайындалуға үлкен мүмкіндік берері сөзсіз.



Институттың профессорлық-